

Ү.Т. Қыдырбаева^{1*}, З. Шадкам², Ө.О. Тұяқбаев³

¹А. Мицкевич университеті, Польша, Познань қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

³Академик Қ.И. Сәтбаевтың мемориалдық мұражайы, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: umikyd@amu.edu.pl

«ДАСТҰР АЛ-‘ИЛĀЖ» ТРАКТАТЫНЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Медицина саласы көне дәуірлерден бастау алып, әр қоғамның өмір сүру ерекшеліктері мен құндылықтарына сай дамып, салаланып, арнасы кеңейіп отырды. Уақыт озған сайын әр халықтың діни наным-сенімдері мен тұрмыс-тіршілігінің ыңғайымен, салт-дәстүрлері ықпалымен өзіндік медицинасы қалыптасып, сол халықтың тарихымен, мәдениетімен бірге жасасып, жалғасын тауып келді. Ғылыми әдебиеттерде «халық медицинасы» деп аталған бұл мәдениет қазақ қоғамында да нық орныққан. Мақаламызда «Дала медицинасы» деп аталған бұл мәдениет көрінісі сонау Қараханит, Хорезм және Шағатай кезеңіндегі жазба деректерде хатталып, бірқатары халық ауыз әдебиетінде сақталған. Сондай Орта Азия кеңістігін ен жайлаған көшпелі халықтардың арасында жиі кездесетін аурулар мен одан айықтыруға қолданылған ем-дом, дәрі-дәрмек атауларынан, медициналық терминдерінен, т.б. мол мәлімет беретін ортағасырлық жазба ескерткіштің бірі – XVI ғ. I-жартысында (933/1526–27 жж.) Сұлтан Әли әл-Хорасанидің қаламынан шыққан «Дастұр ал-‘иләж» шығармасы. Дешті Қыпшақта түркі тілінде жазылып, кейін парсы тілінде Үнді, Ауған, Иран, Шам жеріне кең тараған бұл шығарма бірнеше халықтардың қызығушылығын тудырған бірге трактат. Шығарма мәтінінен жазба деректерде «көшпелі өзбектер» деп аталған көшпенді халықтардың адам ағзасының физиологиясын, ерекшеліктерін қаншалықты білгендерін, өсімдіктер мен жан-жануарлардың табиғатын қаншалықты түсінгендерін ғана көріп қоймаймыз, халық емшілігінде қолданылатын ырымынан, жөн-жоралғысынан және соған қатысты діни наным-сенімдерінен де мол мағлұмат аламыз.

Алайда, түркі, парсы тілді халықтар арасында кең қолданылған шығарманың неге екені белгісіз, зерттелуі кемшін. Алматы қаласында жеке қорда сақталған түркі тіліндегі нұсқасы (одан әрі – «Алматы» нұсқасы) ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің АР09259326 «Дастұр ал-‘иләж» – далалық медицина дереккөзі» гранттық жобасы аясында зерттеуге алынған болатын. Мақалада мәтінтанулық, деректанулық зерттеулер нәтижесі ықшамдалып, аталған шығарманың түркі тіліндегі нұсқасының мазмұндық құрылымы жүйеленіп көрсетіледі.

Түйін сөздер: Дастұр ал-‘иләж, халықтық медицина, медициналық трактат, ортағасырлық жазба ескерткіштер, түркі халықтарының емшілік өнері.

U.T. Kydyrbayeva^{1*}, Z. Shadkam², O.O. Tuyakbayev³

¹Adam Mickiewicz University, Poland, Poznań

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

³Memorial Museum of Academician K.I. Satpaeva, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: umikyd@amu.edu.pl

The Content Structure Of The Treatise «Dastur Al-ilaj»

The field of medicine originated in ancient times and developed according to society's values. Religious beliefs, lifestyles, and customs shape national medicine, which in turn is shaped by history and culture. This culture, known in the scientific literature as "folk medicine," also existed in Kazakh society. This cultural manifestation, dubbed "Field Medicine" in our article, was documented in written sources from the Karakhanit, Khorezm, and Chagatai periods, and some of it was preserved in folk literature. There are medieval written monuments among the nomadic peoples of Central Asia that contain a wealth of information about common diseases, as well as the names of medicines and medical terms used to treat them. One of them is Sultan Ali al-work Khorasani "Dastur al-ilaj," written in the first half of the 16th century (933/1526–27). This single treatise, written in Turkic in Deshti Kipchak and then spread in Persian to India, Afghanistan, Iran, and Sham, piqued the interest of many peoples. The text of the work reveals not only how much nomadic peoples, known as "nomadic Uzbeks," knew about the physiology

¹ Мақала АР09259326 «Дастұр ал-‘иләж» – далалық медицина дереккөзі» гранттық жоба аясындағы зерттеулер негізінде дайындалды.

and characteristics of the human body, as well as how much they understood the nature of plants and animals, but also a wealth of information about folk medicine rituals, procedures, and religious beliefs.

However, despite its popularity among Turkic and Persian-speaking peoples, the work has received little attention. The Turkic version, which was kept in a private fund in Almaty, was taken for research as part of the AR09259326 grant project "Dastur al-ilaj – the source of field medicine" of the Scientific Committee of the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan. The article summarizes the findings of the text and data analysis, as well as systematizes the content structure of this work's Turkic version.

Key words: Dastur al-ilaj, traditional medicine, medical treatise, medieval written monuments, medical art of the Turkic peoples.

У.Т. Кыдырбаева^{1*}, З. Шадкам², О.О. Туякбаев³

¹Университет А. Мицкевича, Польша, г. Познань

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

³Мемориальный музей академика К.И. Сатпаева, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: umikyd@amu.edu.pl

Содержательная структура трактата «Дастур ал-илаж»

Область медицины зародилась в древние времена и развивалась в соответствии с особенностями и ценностями каждого общества. С течением времени собственная медицина каждого народа формировалась под влиянием религиозных верований, образа жизни и обычаев и продолжалась вместе с историей и культурой этого народа. Эта культура, именуемая в научной литературе «народной медициной», имела место и в казахском обществе. В нашей статье это культурное проявление под названием «Полевая медицина» было зафиксировано в письменных источниках караханитского, хорезмского и чагатайского периодов, а некоторые из них сохранились в народной литературе. Среди кочевых народов, населявших Среднюю Азию, есть и средневековые письменные памятники, содержащие много сведений о распространенных болезнях и названиях лекарств и медицинских терминах, использовавшихся для их лечения. Одним из них является произведение «Дастур ал-илаж», написанное султаном Али ал-Хорасани в первой половине XVI века (933/1526–27). Этот труд, написанный на тюркском языке в Дешти Кипчаке, а затем распространившийся на персидском языке в Индию, Афганистан, Иран и Шам, представляет собой единый трактат, вызвавший интерес у многих народов. Из текста произведения мы можем увидеть не только то, как много кочевые народы, известные как «кочевые узбеки», знали о физиологии и особенностях человеческого тела, насколько они понимали природу растений и животных, но и многое информацию о ритуалах, процедурах и религиозных верованиях, используемых в народной медицине.

Однако произведение, широко распространенное среди тюркских и персоязычных народов, почему-то мало изучено. Версия на тюркском языке, хранящаяся в частном фонде в г. Алматы, была взята для исследования в рамках грантового проекта AR09259326 «Дастур ал-илаж – источник полевой медицины» Научного комитета Министерства образования Республики Казахстан. В статье обобщены результаты исследования текста и данных, а также систематизирована содержательная структура тюркоязычной версии указанного произведения.

Ключевые слова: Дастур ал-илаж, народная медицина, медицинский трактат, средневековые письменные памятники, врачебное искусство тюркских народов.

Кіріспе

Халық медицинасы – ғасырлар бойы қалыптасқан халық мәдениетінің көрінісі ғана емес, адамдардың физиологиялық және рухани ауруларынемдеудің тиімді жолын іздеген ғылыми бағыты. Тарих еншісіндегі түрлі тәжірибелермен толығып, үзіліссіз дамып келе жатқан халық медицинасы қашанда өзінің маңыздылығы мен өзектілігін жоғалтпаған. Дәстүрлі медицина мыңдаған жылдық тәжірибемен қалыптасқан

халық тәжірибелерінен нәр алып, кейінгі ұрпаққа үйрету, көрсету, машықтандыру және ауызша немесе жазбаша баяндау, жүйелеу арқылы жалғасып келеді. Сонымен қатар, бұл ғылымның қоғамдық сана мен социум жағдайына байланысты құпия да сақталған, мистикалық рең алып стагнацияға түскен кездері де болды.

Әр халықтың медицинасы өзіндік ерекшелікке ие. Көшпенді халықтардың «Далалық медицинасы» ерекшелігі – Еуразия кеңістігіндегі түрлі мәдениеттер мен өркениеттерден суысындап, өн бойын сіңіріп, синкреттік сипат алуы

болды. Мысалы, адам бойындағы дерт ақ пен қара рухтардың өзара талас-тартыстар әсерінен болады деп білген түркілер (Уәлиханов, 1980: 41) ислам дінімен танысқаннан кейін (XI–XII ғғ.) дерт – Жаратушының сынағы, пендесіне мейірімі деген түсінікті еш жатсынбай қабылдай алды. Ислам дінін қабылдаса да қазақ, қырғыз халықтарының Тәңірлік дүниетанымдағы шамандық ритуалдарды емдік іс-шараларында XIX ғ. дейін кең қолданып келгені соның бір айғағы. Аурудың тылсым күш әсерімен болатынына сенген түркі халқы емінің де тылсым күшпен қонатынына сенді. Толық мұсылман үмметі санаған көшпелі халықтар қоғамында XIX ғ. дейін емшілік жасау көп жағдайда ата-баба аруақтармен, тылсым күшпен қарым-қатынасқа түсетін, қасиет иесі саналған ел арасындағы бақсы-балгерлерге, шамандар мен қамдарға жүктелді. Ол жайында белгілі этнограф Ш. Уәлиханов «Тәңірі (Құдай)», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Аруақтар немесе онгондар – өлген ата-бабалардың рухы», «Қазақтардың космологиялық түсініктері», «Әуедегі құбылыстар», «Жаман көзден, ыбылыстар мен әртүрлі аурулардан сақтайтын – тұмар» т.б. ірілі-кішілі жазбаларында мол мәлімет берді. Аластау, аруақ шақыру, үшкіру, жын қуу сияқты ритуалдарымен көзге көрінбейтін тылсым күштер әсерімен ауруды емдеу жолдары көне түркі халықтарын қанағаттандырғанын, олардың науқастанған адамды шын мәнінде айықтыра алғанын, түркілік халық медицинаның қалыптасуында белгілі бір дәрежеде маңызды орны болғанын бірқатар зерттеушілер мойындайды (Sever, 2015: 182).

Мәліметтері ауыз әдебиетінде кездескенімен жазба мұрасы сақталмай келген шамандық дүниетанымның хронологиялық даму кезеңдерін жасауға тырысқан ғалымдар да жоқ емес. Соңғы жылдары жүйелі түрде зерттеліп келе жатқан жұмыстар нәтижесінде философия ғ.д. Аташ Б.М. әлемнің көптеген халықтарына ортақ болған көне сенім – шамандықтың бес кезеңін жіктеп көрсетеді (Аташ, 2022).

Ислам діні түркі халықтарының арасында XIV ғ. біржола орныққаннан кейін түркі медицинасы жаңа бір арнамен дамиды. Шаман, қам, бақсы-балгерлермен қатар емшілік өнерді дамытқан, аурулардың физиологиялық себептерін танып, емін жасаған жарашы, оташы, сынықшы, құсықшы, бұлаушы, шипагер сияқты

медицинаның бір саласына маманданған емшілер қатары да көбейді. Олардың бірқатарынан бүгінде түрлі кітап қорларында анықталған жазба мұралары қалды. Сондай мұраның бірі – көшпенді өзбектер мемлекетінде өмір сүрген шипагер Сұлтан Әли әл-Хорасанидің «Дастұр ал-‘иләж» атты қолжазба еңбегі.

«Дастұр ал-‘иләж» XVI ғасырда мазмұны жағынан толықтай емдеу тәсілдері мен ауру түрлерін баяндаған Түркістан өңіріндегі Ах-сикет қаласында хатталған бірегей шығарма. Парсы тілінде жеткен нұсқаларындағы кіріспеде берілген мәліметтер бойынша Султән ‘Али әл-Хурәсәни хан сарайында дәрігерлік қызмет атқарып жүрген жылдары Әбу Мансүр Көшкінші хан (1432–1530) мен оның ұлы Әбу Сайид ханға (1533 ж.қ.б.) арнап һижра жыл санауымен 993 жылы (1526-1527) жазғаны баяндалады (Дастұр №50522: 2b–5a; Кешаварз, 1986: 178; Каталог 1952: 264).

Бүгінде шығарманың парсы және шағатай тіліндегі нұсқалары Англия, Израиль, Индия, Иран, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзірбайжан, Ресей (Башкирия), Қазақстан қолжазба қорларында сақталған (Шадкам, 2021: 101-110). Шығарманың XVI – XIX ғасырлар аралығында көшірілген көп қолжазбаларына қарап, халықтың үлкен сұранысына ие болғанын аңғару қиын емес.

Тақырыпты тандауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Жазба деректерді кешенді зерттеудің гуманитарлық ғылымында алар орны ерекше. Солардың ішінде өз заманындағы негізгі ғылыми бағыттың бірі болған медицина саласындағы көне мұралар тек медицина дерегі ғана емес, нақты бір халықтың рухани-мәдени өмірінің, этнографиясының, тарихының да маңызды дерегі болары анық. Қандай да бір жазба мұраның тарихи-деректік маңызын анықтау алдымен оның мазмұндық құрылымын, тілдік ерекшелігін, жанрлық стилін талдаудан басталатыны анық. Сондықтан мақалада Дешті Қыпшақ даласында түркі тілінде жазылған көне мұраның бірі – «Дастұр ал-‘иләж» трактатының деректік маңызын анықтау мақсатына сай оның мазмұндық құрылымын анықтау міндеті қойылды. Шығарманың мазмұнымен танысу барысында оның лексикалық құрылымына, жанрлық стиліне де талдау жасау мақала міндетінің бірі болды.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Шығарманың мазмұндық құрылымын зерттеу Алматы қаласында жеке қорда сақталған шағатай тіліндегі нұсқасының «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар музейі қорындағы сандық көшірмесі негізінде жүргізілді.

Зерттеу жұмысының негізгі объектісі қолжазба мәтіні болғандықтан деректану, мәтінтану, лингвомәдениеттану әдіснамалары қолданылды. Шығарма мәтініндегі мәліметтерді жүйелеу, салыстыру және сараптау әдістері арқылы анықталған ауру атауларын, терминдері мен адам баласының ауру-сырқауына дауа болатын емдік іс-шара төңірегіндегі тілдік бірліктерін, лексикалық қорын «емшілік өнер» концептісі төңірегіне топтастырылып, мән-мағынасы ашықталады. Автор шығарманы жазу барысында Құран аяттарына, Пайғамбар хадисіне, «‘Умдат», «Қанунче», т.б. медициналық еңбектерге арқа сүйейді. Мәтінде автордың жасаған аят-хадис аудармасы, араб-парсы тіліндегі трактаттар мәтіндерінің интерпретациясы кездеседі. Сондай-ақ, жәйтті баяндау, материалды беру кезінде діни-әдеби шығармаларға тән дидактикалық жанр дәстүрі, субъективтівизм элементтері де бар. Оларды анықтау кезінде филологиялық талдау әдісі, жанрлық интерпретация және мәтіннің идеялық мазмұнын ашықтау сияқты лингвомәдениеттану әдістері кең қолданылды.

Зерттеу әдіснамасын анықтауда бірнеше отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері қарастырылды. Медицинаға байланысты дәстүрлі халық емшілігіндегі тазалық сақтауға қатысты ырым-тиымдармен қатар, қазақ халық емінде пайдаланылған дәрілік заттардың атаулары, өсімдіктердің халық емшілігіндегі алатын орны жайлы түсініктеме берген Ө. Әбдірахманның (Әбдірахман, 1999а, 2002b) еңбегі және дәстүрлі медицинаны зерттеуде өзіндік үлесі бар 1902 жылы Торғайда жарық көрген А.Васильевтің «Народные способы и средства, употребляемые при лечении болезни киргизами Тургайской области» атты еңбегі де ауру түрлерін анықтауда салыстырмалы материал ретінде қарастырылды (Васильев, 1901). Мақалада «Дастұр ал-‘иләж» – далалық медицина дерегі» деген тұжырымға интегративтік, интроспекциялық, ретроспекциялық, рефлексиялық, генетикалық тұрғыдан келу ұстанымы басты назарда болды.

Талқылау және дәйектеу

Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының этномәдени жүйесін зерттеудегі маңызды мәсе-

лелердің бірі – ортағасырлық көшпелі халықтардың этномедицинасы. Алайда бұл тақырыпта жүргізілген іргелі әрі кешенді зерттеулер көп емес. Оның басты себебі бүгінге жеткен жазба деректердің аздығы және сол аз деректердің көпшілігінің әлі де болса толыққанды зерттелмеуі. Мысалы, аты көпке мәлім тарихшы-жылнамашы, Хива ханы Әбілғазы Баһадүр хан (1606–1664) емшілік өнерге қызыққаны, 1643–1663 жж. аралығында «Манәфи’ ал-инсән» («Адам пайдасы») атты медициналық трактат жазғаны белгілі. Оның шағатай тіліндегі бұл шығармасының бір нұсқасы бүгінде Ташкенттегі Әбу Райхан Бируни ат. Шығыс қолжазбалары орталығында (ШҚО) сақтаулы (инв. №4107), бірақ кешенді зерттеуге алынбаған (Жуманазаров, 2015: 125). Аштарханидтер әулетінен шыққан Мауереннахр билеушісі Сайид Субханқули Баһадүр хан да (1680–1702) кезінде «Табйблік китәбі», «Ихйә’ ат-тибб Субхәни» («Субхан[қули] медицинасының жандануы») атты трактаттар жазып қалдырған. «Табйблік китәбінің» А.Вамбери 1824–26 жж. Орталық Азияға жасаған сапары кезінде Гератта тапқан бір нұсқасы бүгінде Венгрия Ғылым Академиясы кітапханасында (Török O. 38) тұр, ал «Ихйә’ ат-тибб Субхани» қолжазбалары Әбу Райхан Бируни ат. Шығыс қолжазбалары орталығында (инв. № 2101) сақтаулы (Собрание восточных рукописей, 1952: 436/III]. Бұл шығармалар ортағасырларда дала халықтарының шипагерлік өнері және емшілік дәстүрі жоғары деңгейде болғанын көрсететін көне мұралар. Көріп отырғанымыздай, ортағасырлық түркі медициналық трактаттары негізінен дала элиталары арасында немесе билеушілер сарайында жазылған. Осындай далалық элита арасында жазылған медициналық трактаттардың бірі – көшпенді өзбектер билеушісі Көшкінші (немесе Көшім хан, 1432–1530) мен оның ұлы Әбу Сағид (1533 ж.қ.б.) ханның жеке дәрігері болған Сүлтән Әлі әл-Хурасанидің «Дастұр ал-‘иләж» («Емшілік дәстүрі») атты трактаты.


Бұл шығармалардың әлі де болса толыққанды зерттелмей келе жатқаны мәселенің бір қыры, екінші қыры түркі мемлекеттерінде, түркі билеушілеріне арнап жазылған, бүгінге парсы тілінде жеткен медициналық бірқатар шығармаларды түркі мұрасы ретінде де тани алмауымыз. Мысалы, «Асрәр ал-атиббә’» («Емшілер сыры») медициналық мұрасы. Бұл шығарманы Иран қорынан алғаш тауып,

ғылыми ортаға ұсынған француз әскери дәрігері, эпидемиолог-ғалым, Франция Ғылым Академиясының корресподент мүшесі, Ұлттық Медицина Академиясының академигі Джозеф Тулузан (*Joseph-Desire Tholozan*, 1820–1897) болды. Бірінші дәрежелі танымал дәрігер Тулузанды 1858 ж. Францияның Сыртқы істер министрлігі кадjarлық Наср ад-дин Шахтың (1831-1896) сұрауымен жеке дәрігері етіп Иранға аттандырады. Шах сарайында 30 жыл Хақим-башы (حكيم باشي) қызметін атқарған ол Иранда Табиб Түлүзән Иүнәни есімімен танылады. Тегеранда жүрген жылдары парсы, үнді медицинасымен танысып, парсы тілінде ұмыт қалған екі ортағасырлық трактатты жарыққа шығарады: бірі – «Асрār ал-атиббā»»; екіншісі – «Рисāла дар тибб». (Туяқбаев, 2022: 27).

Бірінші аталған қолжазба «Asrār al-aṭibbā' iā mudjarrabāt ilat Chaḡatāiī» (اسرار الاطباء مجربات ايلات چغتايي) – «Емшілер сыры немесе Шағатай елдерінің емшілік тәжірбиесі» деген атпен Тегеранда 1276/1860 жылы басылып шығады. Кітап кіріспесінде трактаттың қолжазба тарихына шолу жасаған Тулузан тозығы жеткен, парақтары түбінен ажырап ретсіз шашылған қолжазбамен танысуына, беттерін реттеп, баспаға дайындауына екі айын жұмсағанын баяндайды. Оны қолжазба мәтініндегі дәстүрлі шығыс және грек медицинасынан тіпті бөлек ем-дом түрлері қызықтырады. Мәтінімен толық таныса келіп, шығарма түркі (Шағатай Ұлысы) халықтарына тиесілі екенін және хижра жыл санауымен 910 жылы түрік тілінен парсы тіліне аударылғанын анықтайды. Шығарманы Мирзә Шихāб ад-дйн Сāкиб Даһлауи әл-Хорасāни атты кісі 910/1506 жылы Бомбей арқылы қажылыққа бара жатқан Шахзада Азат Мухаммад Әзім төренің қолындағы шағатай тіліндегі қолжазбасынан

аударады (Tūlūzān, 1383: 14). Бұл шығарма кейін 1963 ж. араға жүз жыл салып Тегеранда екінші мәрте басылып шыққанымен әлі де зерттелмей келеді. Парсы әдебиеттерінде «Асрār ал-атиббā»» деген қысқа атауымен танылған шығармада жалпы саны 80 аса түрлі аурудың емдік жолдары баяндалады.

Сол сияқты екі парсы және шағатай тілінде де бізге жеткен «Дастūr ал-‘илāж» трактатын түркілік далалық медицина мұрасы деп нық айта алмай келеміз. «Дастūr ал-‘илāж» қолжазбаларын іздестіру барысында бүгінге жеткен нұсқаларының басым көпшілігі парсы тілінде және түркі тіліндегі нұсқаларынан әлдеқайда көлемді, толық екенін анықтадық. Ортағасырларда парсы тілінің қолданыс аясы Ираннан тыс Үнді, Ауған, Хорасан, Мауереннахр аймағында өте кең болғаны анық. Аталған еңбектің парсы тіліндегі нұсқаларға шолу жасағанымызда Мәуереннахр аймағына тән тілдік ерекшеліктерді байқаймыз. Парсы тілінің түркілердің ислам дінін қабылдамай тұрып, Орта Азиядағы жазба тілге тигізген ықпалын ескеретін болсақ, сол кезеңдегі әдеби, діни және ғылыми шығармалардың авторлары түркі тілімен қатар, парсы тілін де жиі қолданып, парсы тілінің сол аймаққа тән өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырды. «Дастūr ал-‘илāж» еңбегінде көне парсы тілінің сарындары көбіне реттік сан есімдерде байқалады. Сонымен қатар, п (پ), джим (ج), ч (چ), г (گ), зәл (ض), ж (ژ) сияқты әріптерден, «шодан» (شودن), «бошад» (باشند) секілді көмекші етістіктер мен кейбір жалғаулардың жазылуынан да көне парсы тілінің элементтерін көруге болады. Шығарманың парсы тіліндегі нұсқасында қолданылған кейбір сөйлем құрылысы мен лексикалық қорының өзі еңбектің тікелей түркі тілінен аударма жасалғандығын байқатады (Шадкам, 2021: 107).



1-сурет – «Дастūr ал-‘илāж» трактатының Алматы нұсқасы

«Дастұр ал-‘иләж» қолжазбасының палеографиялық ерекшеліктері

«Дастұр ал-‘иләж» трактатының шағатай тіліндегі нұсқасын әзірге Үрімші, Ташкент, Алматы қорларында ғана кездестіре аламыз. Ортағасырлық түркі жазба тілі – шағатай тіліндегі «Дастұр ал-‘иләждың» Алматы қаласында жеке қорда сақталған нұсқасы (одан әрі – Алматы қолжазба нұсқасы) мазмұны мен құрылымына және палеографиялық ерекшелігіне тоқталсақ.

Алматы қолжазба нұсқасының өлшемі – 21x13,5 см. Кітап мұқабасы шығыстық үлгіде, қара түсті картоннан дайындалған, екі жағы бірдей өрнекті турундждармен көмкерілген, түбі теріден. XIX ғасырдың басында жасалған мұқабаларға тән дәстүрге сай үстіңгі және астыңғы сар турундждерде мұқабашы-шебердің есімі – Мулла Мир Хамид Саххаф көрсетілген. Қолжазба қағазы сарғыш түс тартқан, жартылай өңделген шығыстық қағаз. Барлығы 79 парақтан

(158 бет) тұратын қолжазба мәтіні наста‘лик-туркистани жазу үлгісімен әр бетте 9 жолдан жазылған. Жазу үлгісінің, жол санының тұрақтылығына қарап бір адамның қолымен көшірілгенін байқауға болады. Қолжазбаның бірінші беті жоғалған, мәтін 2a verso бетінен басталып, 76b recto бетінен аяқталады, қалған беттердегі мәтіннің келесі беттегі жалғастығын көрсететін recto беттердің төменіндегі *риқабалары* (кустодтар) тұрақты, үзілмеген. Мәтін соңындағы колофонда «Дастұр ал-‘иләж» рисаласы (трактаты) аяқталды (*tammāt al-risālah Dastūr al-‘Ilāj*) деп ғана қысқа қайырылған, қолжазбаның қайда, қашан, кім көшіргені жайлы мәліметтері көрсетілмеген. Десе де, қолжазбаның палеографиялық ерекшеліктеріне қарап, XIX ғ. алғашқы ширегінде Орта Азияда, шамамен Түркістан өңірінде көшірліген болуы әбден мүмкін деген жорамал жасауға болады.



2-сурет – «Дастұр ал-‘иләж» трактатының мұқабасы мен бастапқы беттері

«Дастұр ал-‘иләж» құрылымы мен мазмұны

«Дастұр ал-‘иләж» медициналық трактаты кіріспеден (муқаддима) және негізгі екі тараудан (мақале) тұрады. Тарау ішінара бөлімдерге (фасл) және бөлімдер бөлімшелерге (қисм) бөлінеді.

Шығарманың кіріспе бөлімінде (2a–12b) Құран аяттары мен Пайғамбар хадисі негізінде


жалпы медицинаның пайдасы айтылады, адам баласының денсаулығын сақтауға байланысты бұрынғы хәкімдер мен әулиелердің кеңесі мен насихаты ашықталады. Сонымен қатар, кіріспеден Алла тағаланың адамзат үшін 3064 түрлі ауруды сынақ үшін жібергендігі және сол ауруларға ел арасында қолданылатын дәстүрлі ем-домдарды жинақталғандықтан бұл кітаптың аты «Дастұр ал-‘иләж» деп қойылғандығы баяндалады.



3-сурет – Дастұр ал-‘иләж, 50522: 2b/9, 3a/1.

Автор адам баласына берілген үш түрлі ажалды (мутлак, му’аллак, лазим) сипаттай отырып, көптеген аурудың шипасына дауа болатын ең негізгі амалдардың бірі – Алла тағалаға дұға жасап, садақа беру деп түсіндіреді. Бұған қоса, кейбір адамдардың бақсы-балгерлерге құдайындай сенетіндеріне қарсы екендігін, ауруды Алла тағаланың пендесіне

өзін тануы үшін, қиыншылық, мекнат тартып күнасынан тазаруы үшін жібергендігін айтады. Әр адам кеселге қарсы кеудесінен жаны шыққанша айығатын жол іздеуі керек дейді. Сол үшін де Құранда әр іске себепші болуды жазғандығын, адамдарға мұндай жол ұнамаса өздеріне қастандық жасағанмен пара-пар екендігін ескертеді (Дастұр ал-‘иләж, 50522: 2b, 3a).



4-сурет – Дастұр ал-‘иләж, 50522: 2b/4-7

Бірінші тарау мазмұны негізінен аурудың симптомдары мен денедегі ауру белгілеріне және емдеу жолдарына арналады. Мәтінде науқастың айтумен қатар оның көңіл-күйі, тәбеті, жүрек қағысы, тамырының соғуы, тыныс алуы, ернінің кебуі, тілінің түсі өзгеруі т.б. физиологиялық және психологиялық жағдайын жіті қадағалау, бақылау арқылы анықталатыны айтылады. Бұл тарау бірнеше баптарға (1-11 фаслдар) бөлінсе де адам ағзасындағы ауру белгілері мен науқастардың жағдайы, емі қандай да бір ұстанымға жүйеленбей баяндалады.

Шығармада баяндалған диагноздарда Галеннің гуморальды теориясы анық байқалады. Егер науқастан шырын (балғам), яғни сұйық және суық зат көп бөлінсе ауру соның салдарынан

туындағын, демек, науқасқа ағзасындағы сұйықтықтың тепе-тендігін қалпына келтіру үшін сұйықтықты шығаратын қасиеттері бар емдік шөптермен емдеу керек деп ұқтыратын бұл теория ежелгі грек материалист-философы Эмпедоклдің табиғаттың төрт элементі (немесе құбылысы) туралы ілімінен бастау алды. Эмпедоклдің ілімін Гипократ пен Гален адам ағзасы үшін қолданды. Олар: денені жылытып тұратын – қан, салқындататын – шырын (тер), құрғататын бауырдағы – сары өт және оны дымқылдандыратын – қара өт (талақ) деп адам денесін осы төрт элементпен байланыстырған теорияны қалыптастырды. Алғаш Антикалық хәкімдерінің шығармаларын аудару арқылы VIII ғ. қалыптасқан араб медициналық тарк-

таттарында осы теория сақталып қалды. X–XII ғғ. медицина тақырыбы жанрлық әдебиет ретінде біржола орныққан, дамыған тұста да бұл теория бұлжымас қағида болып қала берді. Ортағасырлық араб, парсы, санскрит тіліндегі медициналық шығармаларда да ауру диагнозы, симптомдары, емі осы төрт элемент пен төрт құбылыс қағидаларына негізделді.

Араб, парсы тіліндегі медициналық мол әдебиетпен жақсы таныс болған Султан Әли де өз трактатында 3064 түрлі аурудың себебін осы қағидаға байланысты түсіндіреді: аурудың анасы – *сары өт*, атасы – *жел*, баласы – *қара өт (талақ)*, сіңілісі – *балғам* (Дастұр ал-‘иләж, 50522: 3а) деп жазды. Шығарманың алғашқы он екі бетінде адам бойындағы дерттің осы сұйықтықтармен байланысты екені түсіндіріледі (Дастұр ал-‘иләж, 50522: 2а-12а).

Екінші тарауда (11-21 фасл) нақты бір адам денесіне байланысты ауру түрлері мен себептері ашықталып, емдеу тәсілдерінің бірнеше түрі ұсынылады. Шығармадағы ұсынған емдерді топтастыра келсек, екі түрі болғанын көреміз; біріншісі дәрі-дәрмек беру, сылап-сипау, қан алу, құстыру т.б. арқылы емдеу, екіншісі психосоматикалық емдеу түрі, ислам дініне негізделген дұға жасау, дем салу, ұшықтау т.с.с.

Тараудың бір ерекшелігі әр аурудың емі жеке-жеке жүйеленіп баяндалады. Ауруларды емдеудің шығармада ең айқын көрініс тапқан әдісі дәрі-дәрмек тағайындау болды. Қолжазба мәтінінің басым көпшілігі ішке қабылдайтын тұнбалардың, сусындардың, дәрі-дәрмектердің, сыртқа қолданатын жақпамайлардың құрамын, дайындау жолын, қолдану тәсілін, рецепттерін баяндаудан тұрады. Дәрі-дәрмектерді дайындаудың да екі түрін анықтауға болады, біріншісі емдік шөптерден дайындалса, енді бірі жан-жануарлардың ішкі құрылыстарынан (бауыр, өкпе, сүйек, т.б.), өнімдерінен (сүт, май, қан, кт, т.с.с.) дайындалған.

Аталған тараудың тағы бір ерекшелігі, ауру ем-домынан тыс, әдемілік пен тазалықты сақтауға арналған кеңестер, улы жәндіктер шағып алған кезде уытын қайтаруға байланысты жасалынатын алғашқы көмектер жайында да кеңестер беріледі.

Қолжазбаның әр бөлімінің (фасл) мазмұнан қасқаша тоқталып өтсек:

1-бөлімде (12b – 13a) жүрек және көз ауруы мен оның бал мен жануарлар майы арқылы емдеу жолдары, сонымен қатар, бедеулік пен нәрестенің шегінеп кетуіне және адамдардың ел

арасында аса зор құрметке ие болуына септігі тиетін іс-шаралар қатары айтылады.

2-бөлімде (13b – 16b) құлаққа суық тиюден емделу, көзге түскен ақтан арылу және улы жәндіктер шаққан кезде қолданылатын әдістер, жүкті әйелдің ішіндегі өлі шақалақты түсіруі үшін жасалынатын ем-дом түрлеріне тоқталған. Терідегі қотырдан, жағымсыз иістен арылу және тісті ағарту жолдары баяндалады. Сондай-ақ, кірпі мен қоян өтінің емдік қасиеттері, қара мысықтың жүрегі, жыланның, түлкі мен бөрінің терісі, азу тісіне байланысты ырымдар мен наным-сенімдер айтылады.

3-ең қысқа бөлімде (17a-17b) бас ауруының, ұмытшақ болудың себептері жайлы айтылады және оның өттің дұрыс жұмыс істемеуімен байланыстырылады.

4-бөлім (17b – 20b) Адам денесінің ісінуі, теріге шыққан қызылша, дене қызуы сияқты аурулардың себептеріне арналады. Оның себептері өтпен байланыстырылып, өттің толуына ыстықтың ем екені, қара өт пен сары өттің салдарынан болған дертке жануарлардың майы мен өсімдіктердің ұрығы мен дәндері (көкнәр, анар, шұға т.б.) ем болатыны айтылады. Шипагер әлсіздікке қарсы арпа мен тары ұнын қолдануға кеңес береді.

5-бөлімде (20b – 22a) Әлсіздік себептері көрсетіледі және науқастың жағдайы тез нашарлаған жағдайда өсімдіктердің ұрығынан қайнатылып дайындалған дәріні беру, терлету керектігі айтылады. Буын ауруларын, суық ұстағаннан болса түрлі өсімдіктерді қазанға қайнатып булу арқылы емдеу жолы жазылады. Бұл бөлімде белгілі хәкімдердің сөздерінен мысал келтіріп, адам денесі топрақтан жаралғанда ондағы тастан сүйек жаратылып суық болғаны, топыраққа құйған судың көбігінен тістің жаратылғандығы, адам қабырғасының желден болғандығы туралы дүниетаным баяндалады.

6-бөлімде (22a–23b) 4 сұйықтың сипаттамасы беріледі: сары өттің белгісі – ыстық, өттің үстінгі жағында; балғамның белгісі – суық, өкпеде; қара өттің (талақ) белгісі – суық, бауырда. Иммундық жүйенің бұзылуы осы сұйықтықтар теңсіздігінде. Бөлімде дертке шалдыққандардың мінез-құлықтарына да сипаттама берілген. Автор осы аурулардың әсерінен болатын науқастың денесіндегі ауырсынулар мен оларға қарсы қолданылатын ем-дом жасау тәсілдерімен бөліскен. Бұл ауру түрлері үшін де адыраспаннан бастап, түрлі өсімдіктерді қайнату арқылы науқасты терлетіп алған жөн деп есептеген.

7-бөлім (24a- 33b) науқастың физиологиялық және психологиялық жағдайына арналған. Жалбызды сары суымен қайнатып терлеткен жағдайда үш күннің ішінде денедегі суықты шығарылатыны айтылады. Бұған қоса басқа да өсімдіктердің қоспасымен, сиырдың сүті, айран мен киіктің етін жегізу сияқты бойдағы суықты шығаруға көмектесетін бірнеше тәсілдерге тоқталып, адам ағзасына жел, суық болатын біраз тағамдарды уақытша жемеуге тиым салынады. Сонымен қатар, белгілі бір күндері ауырған науқасқа төрт жұп нан (шелпек) пісіріп, хәзірет жәбірейілден бастап төрт шадиярға дұға қалуды, насух тәубасын жасауды ұсынады. Бұл бөлімде ешкі, бақа, қоян, қабан, т.б. аң-жануарлардың өнімдерінен жасалатын емдік дәрілер туралы да мәліметтер бар.

8-бөлімде (34a- 34b) сыртқы жарақатты емдеу жолына қатысты ақпараттар берген. Шаштың түсуін тоқтату, суырдың өтін балмен араластырып шашқа жағу арқылы түсін қарайту, шашты өсіру және сарымсақты отқа көміп ауырған тіске басу арқылы тіс емдеу сияқты бірнеше дәстүрлі емдер жолдарына тоқталған.

9-бөлімде (34b) ең қысқа бөлім, іш арулары мен емдеріне арналған.

10-бөлімде (34b-35a) ағарған шаш пен сақалды қарайту үшін, тырнаның немесе ақ тауықтың жұмыртқасын қырық күн отқа көміп күйдіріп жағу жолы айтылады.

11-бөлім (34b- 43b) – құлақ, көз, асқазан ауруларын емдеу, улы жәндіктердің уытын қайтару, жас баланың дамуын тежейтін себепсалдарларды болдырмау үшін, қарға, бақа, қасқыр сияқты аңдар мен кекілік, т.б. құстар туралы наным-сенімдер, жөн-жоралғылар, ырым-тиымдар бөлімі.

12-бөлім (43b- 48a) «Бас аурулары» деп аталады. Онда бас сақинасының ұстауы, жас баланың бас ауруы себептері көрсетілген. Мұндай ауруларды емдеу үшін, Башра дұғасын оқу, сиыр майын өтімен бірге араластырып ауырған басты жуу, аттың тұяғын күйдіріп күлін қойдың құйрық майымен араластырып жас баланың басына таңу сияқты халықтық емдер түрі баяндалады.

13-бөлім (48a – 52a) «Көз ауруларына» арналған бөлім. Мұнда көздің бұлдырап көрмей қалуы, көз қарашығына ақ түсу, көз етінің өсуі, көздің жасауырап жас тоқтамауы, түнде көрмей қалу, шел басу сияқты ауру түрлері мен олардан түйенің жүнін күйдіріп майымен араластырып көзге таңу, шафранды ұсақтап көзге тарту, қоянның өтін тарту, қызыл ешкінің бауырын

күйдіріп немесе кептіріп тарту, кірпі өтімен қораздың қанын араластырып таңу, көздің ішін тілдің ұшымен сүртіп алу сияқты емделу жолдары мен саулығын күту туралы кеңестер беріледі.

14-бөлімде (52a – 53b) «Құлақ ауруларына» байланысты ақпарат берілген. Құлақтың естімей қалуы, құлақтан бұлық ағу, суық тию, сағыр болып қалу және құлаққа құрт түскенде не істелуі керек және аурудың алдын алуы үшін қандай шаралар қолданылуы керектігіне байланысты кеңестер береді. Құлаққа құрт түскенде қойдың жүнін қойдың майымен бірге араластырып құлаққа қойып жату керектігін, сағыр болып, құлақтан бұлық аққаны тоқтамаған кезде жылқының өтін қант және балмен араластырып құлаққа тамызу керектігі және түйенің өтін түрлі шөптердің қоспасымен араластырып, ешкінің өті мен камфора майын араластырып тамызу қажет екендігі айтылады.

15-бөлім (53b – 55a) «Тіс ауруларына» арналған. Мұнда тістің тоқтамай сыздап ауруы, тістің ауруы әсерінен ауыз қуысында жағымсыз иістің пайда болуына байланысты бөрінің тісін ауырған тістің түбіне басып жату немесе үнемі өзімен бірге алып жүру, сарымсақты отқа көміп ауырған тіске ұстау немесе пісіріп тістің түбіне жағу, теректің желімімен сүрту, адыраспан ұрығы мен шафранды үгітіп тістің түбіне қою арқылы емдеу т.б. жолдары айтылады. Тіс ауруынан пайда болған ауыздағы жағымсыз иісті кетіру үшін, түйенің қанымен шайқауға кеңес беріледі. Сондай-ақ, тіс ауруына Кашмир дұғасы мен сұлтан Увейіс Каранидің дұғасы шипа болатыны жазылады.

16-бөлімде (55a – 55b) ит-құс жаралаған адамды емдеу жолдары баяндалады.

17-бөлімде (55b – 62b) беймаза күйгелектікке түскен, ұйқысыздыққа ұшыраған, қайғыға батқан, күйзеліске ұшыраған адамдарды емдеу жолдары айтылады және осылардың зардаптары ескертіледі. Жөтел, демікпе мен бауыр, сусамыр ауруын қарсы жылқының өкпесі, ешкінің сүті мен өті, бал, алмұрт, сары май т.б. тағамдармен емделу жолдары баяндалады.

18-бөлімде (62b – 63b) Зәкәрия хәкімнің тәжірибесі бойынша жақпа майлардың жасалу жолдарына қатысты мәліметтер берілген.

19-бөлім (63b – 66a) – гигиена бөлімі. Онда тазалық дене саулығының кепілі екені айтылып, денсаулық күту жөнінде кеңестер беріледі. Мұнымен қоса, көңіл күйге әсері бар бірнеше емдік дәрілердің жасалу жолдарына тоқталған.

20-бөлім (66a – 72a) – «Іш ауруларының» бөлімі. Бөлімде асқазан, шаншу қадалу және әйел адамның етеккірінің келмеуі, бала көтере алмауы, баланың жатырда қозғалуына байланысты емделу кеңестерін ұсынған. Файып ерен, 40 шілден және хәзірет Сүйлеменге дұға қылып, дұғаны үнемі өзімен бірге алып жүру керектігін ескертіп, толықтай дұға мәтінін беріледі. Теріге түскен теміреткіні, ақтаңдақты кетіру және жас баланың шыжың болуын тыю жолдарымен бөліскен.

Трактаттың соңғы 21 – бөлімінде (72a) ер адамның күш-қуатының бірінші тамақтан, екінші жүректен және үшінші белден болатындығын айта келіп, оны арттырудың жолдарына тоқталған. Шығарманың соңында Алланың атымен 12 жолдық парсы тілінде жазылған хадис беріліп, дертке шалдыққан адамдарға екі рақат намаз оқуды ұсынады.

Қорытынды

Жоғарыда алынған мәліметтерді қорытындылайтын болсақ, ауру түрлерінің ішінде тері ауруына байланысты кеңестер жиі кездеседі. Тері ауруына байланысты белгілерге адам денесінде терең жараның пайда болуы, оқ тигеннен немесе соққы алғаннан пайда болған ауыр жаракат, бетке түскен ақтаңдақ, секпіл, жас баланың басына түскен қотыр, қолтықтағы қоланса иістің шығуы, кірпіктің теріге қарай теріс өсуі, таз ауруларын айтуға болады. Мұндай ауруларды емдеуде сары иттің терісін сойып, терісіне түсу арқылы жылан көз немесе терең жараны емдеген. Сиырдың тезегі мен майын араластырып және тау текенің миын езіп жағу немесе иттің тілін кептіріп ұнтақтап жағу арқылы денеге түскен жаракаттардың емін тапқан. Беттегі дақтар мен секпілді кетіру үшін тауықтың жұмыртқасын әйел адамның сүтімен араластырып сүрткен. Баланың басы қотырланған кезде аттың қылын отқа күйдіріп жаққан. Денедегі жағымсыз иістен және теріс кірпіктен арылу үшін, бақаның қанын пайдаланған. Басы таз болған балаға есектің тезегін күйдіріп басына қамыт қылып кигізген (13b-17a; 42a; 47b; 7b; 11a; 12a;). Ортағасырларда көшпелі түрік халықтары жиі қолданған, бүгінде біразы ұмыт болған осындай ем-дом түрлері мол кездеседі.

Шығарма мәтінен шамандық дәстүріндегі халықтық емшілік элементтері мол сақталғанын көреміз. Емдік үшін қолданылатын аңдар мен жануарлардың жасына, жынысына, тіпті түсіне

(қара ешкінің бауыры, сары ешкінің сүті, қара мысықтың өті, ақ қоянның еті, т.б.) мән берілгендігі, дәрі қабылдау кезінде дұға оқып үшкіру, шелпек пісіру сияқты көне дәстүрдің сарқыншақтары мен дүниетанымдары кездеседі. Бұл ерекшеліктеріне қарап, шығармада антик философтарының теориясы, араб, парсы медициналық әдебиеттеріндегі мәліметтер, Дешті Қыпшақ даласында кездесе бермейтін шөптер атауы кездесе де, «Дастұр ал-‘иләжды» компилятивті еңбек деп бағалау қиын. «Дастұр ал-‘иләж» трактаты біздің пайымдауымызша – «Далалық медицина» ерекшеліктерін, көшпенді түркі халықтарының емшілік дәстүрін көрсететін, автордың көпжылдық тәжірибесін баяндайтын құнды мұра.

Соңғы уақытта қоғамда заманауи медицинамен қатар, дәстүрлі медицинаға жүгінетіндер қатары аса көп. Мұндай сұраныстардың артуы қоғамның дүниетанымы мен санасында қалыптасқан байырғы заманнан бері қолданылып келе жатқан наным-сенімдері. Сондықтан көшпенді халықтардың дәстүрлі медицинасы немесе дала шипагерлері жайлы зерттеулер ғылымда өзектілігін жойған жоқ.

Байырғы заманнан бері отырықшылық пен көшпенді мәдениетті бойына бірдей сіңірген түркі халықтары арасында қолданылған халық медицинасы өмірлік тәжірибесімен сусындап, қоғамның ажырамас бір бөлігіне айналған. Мал шаруашылығын кәсіпке айналдырып, қоректенген өсімдіктер мен шөптердің емдік қасиеттеріне мән беріп отырған. Жан-жануарлар мен өсімдіктерді өмірлік тәжірибе арқылы терең меңгерген олар, адамдардың әрбір ағзасы мен оның қызметін жетік білу арқылы кез-келген кеселге ем тауып, ағзадағы ауруды туғызатын өзгерістерді алдын алу және қайта болдырмау мақсатында түрлі ем-домдарды кәсіби деңгейде пайдалана білген.

Зерттеуде қарастырылған «Дастұр ал-‘иләж» трактатының ішкі мазмұны көбіне ауру атаулары мен олардың белгілерін сипаттау түрінде беріп отырған. Шипагер аурудың белгілері мен себеп-салдарын анықтап қана қоймай, оларға қолданылатын емдеу шараларының бірнеше түрін ұсынған. Адам бойындағы кеселдің басты себепін ағзадағы төрт сұйықтықпен байланыстырған. Науқас адамның ағзасын жайлаған аурудың таралу жылдамдығы мен оларды тежейтін өзгерістердің барлығын қан, сары өт, қара өт (талақ), және балғамның әсерінен болады деп түсіндірген. Сонымен қатар, енжарлық,

селқостық пен жас балаларға көз тию, жылауық болу, шошыну т.б. адам бойына жабысатын бәле-жаладан сақтанып жүру үшін, сыртқы тылсым күштерге және Құран аяттары арқылы жасалатын дұға, ұшықтау, үшкіру сияқты діни наным-сенімдерге де аса мән берген.

Ортағасырлық түркі жазба жәдігерлерінің арасында медицина саласына қатысты қолжазба мұралары жетерлік. Медицина мазмұнындағы мә-

ліметтер кейбір қолжазба еңбектерінің белгілі бір бөлімдерінде қысқа мәтін түрінде де, толыққанды шығарма ретінде де кездесе береді. Халық игілігі мен қажеттілігіне сай, сұранысқа ие болған медициналық жазба мұралар адамзат өркениетінің ортақ мұрасы болып саналады. Мақалада АР09259326 «Дастұр ал-‘иләж» – далалық медицина дереккөзі» гранттық жоба негізінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде анықталған мәліметтер қолданылды.

Әдебиеттер

- Аташ, Б. Т. (2022). Көне түркі-түркі-қазақ даласындағы шаманизмнің генезисі мен эволюциясы: тарихи-танымдық бағдарлар. *Адам әлемі*, №2 (92), б. 173-187. doi:https://doi.org/10.48010/2022.2/1999-5849.17
- Әбдірахман, Ө. (1999). *Қазақтың қара емдері*. Алматы.
- Әбдірахман, Ө. (2002). *Қазақтың дәстүрлі халық емшілігі*. Алматы: Қазақпарат.
- Васильев, А. (1902). *Народные способы и средства, употребляемые при лечении болезни киргизами Тургайской области 1902г.*, Тургай: Тургайская областная Типо-литография.
- Каталог. Собрание восточных рукописей Академии наук Узбекской ССР / Под ред. чл.-кор. АН УзССР, д. п. (1952).
- Султән ‘Али ал-Хурасāни. (күні көрсетілмеген). «Дастұр ал-‘иләж». *Маджлис-е Шұра-е Исламий кітапханасы. Қолжазба, №50522. ББ. 1б -106б*.
- Sever M. (2015). Folk Medicine, Folk Healing // Cilt 9. №17. *Akademik Bakış*, б. 181-192.
- Тұяқбаев, Ө. (2022). «Асрар ал-атибба’» медициналық трактаты – түркілік мұрасы. *Далалық медицина: деректері, тарихы, қолданылуы, ұғымдары мен терминдері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы* (бет 19). Алматы: «Qalam».
- Уәлиханов, Ш. (1980). «*Аруақтар немесе онгондар – өлген ата-бабалардың рухы*» // Таңдамалы. Алматы: Жазушы.
- Шадкам, З. (2021). «Дастұр ал-‘иләж» медициналық трактаты және қолжазба нұсқалары. *Вестник КазНУ, серия Востоковедения №3 (98)*, б. 101-110. doi:https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v98.i3.10
- Шадкам, З. Қ. (2021). Ортағасырлық түркі шипагерлік дәстүрі және жазба жәдігерлері. *Bulletin of history, №3(102)*, б. 178-187. doi:https://doi.org/10.26577/JH.2021.v102.i3.18

References

- Atash, B. T. (2022). Köne türki-türki-qazaq dalasındağı şamanizmiñ genezisi men évoluçiyası: tarixi-tanımdıq bağdarlar [The genesis and evolution of shamanism in the ancient Turkic-Turkic-Kazakh steppe: historical and cognitive orientations]. *Adam älemi*, No. 2 (92), p. 173-187. doi:https://doi.org/10.48010/2022.2/1999-5849.17
- Abdirahman, O. (1999). Qazaqtıñ qara emderi [Kazakh black remedies]. *Almaty*.
- Abdirahman, O. (2002). Qazaqtıñ дәstürli xalıq emşiligi [Kazakh traditional folk medicine]. *Almaty: Kazakhparat*.
- Vasiliev, A. (1902). Narodnie sposobi i sredstva, wptoreblyаемie pri leçeniі bolezni kirgizami Twrgayskoy oblasti [Folk remedies and remedies used in the treatment of diseases by Kyrgyz in the Turgai region]. 1902. Turgai: Turgai regional typo-lithography.
- Catalog. Sobranie vostoçnix rwkopіsey Akademii nauk Uzbekskoy SSR [Collection of eastern manuscripts of the Academy of Sciences of the Uzbek SSR] / Ed. chl.-cor. AN UzSSR, d. p. (1952).
- Sultan 'Alī al-Khurāsānī. (no date given). «Dastūr al-‘ilāj». Madjlic-e Şūra-e İslamī kitapxanası ["Dastūr al-‘ilāj"]. *Majlic-e Shura-e Islamic Library. Manuscript*, #50522. BB. 1b -106b.
- Sever M. (2015). Folk Medicine, Folk Healing // Volume 9. #17. *Academic Review*, p. 181-192.
- Tuyakbaev, O. (2022). «Asrar al-atıbba’» medicіnalıq traktatı – türkilik murası. Dalalıq medicіna: derekteri, tarixi, qoldanılwı, uğımdarı men termіnderi» xalıqaralıq ğilimі-praktikalıq konferenciya jınağı [The medical treatise "Asrar al-Atibba" is a Turkish heritage. Field medicine: data, history, application, concepts and terms" collection of international scientific and practical conference] *Almaty: "Qalam"*. P. 19.
- Ualikhanov, Sh. (1980). «Arwaqtar nemese ongondar – ölgen ata-babaların rwxı» ["Ghosts or ongons are the spirits of dead ancestors"] // Selected. *Almaty: Writer*.
- Shadkam, Z. (2021). «Dastūr al-‘ilāj» medicіnalıq traktatı jäne qoljazba nusqaları. [Dastūr al-‘ilāj medical treatise and manuscript versions]. *Vestnik KazNU, series Vostokovedenia No. 3 (98)*, p. 101-110. https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v98.i3.10,
- Shadkam, Z. K. (2021). Ortağasırlıq türki şipagerlik дәstüri jäne jazba jädigerleri [Medieval Turkish healing tradition and written relics]. *Bulletin of history, No. 3(102)*, p. 178-187. doi:https://doi.org/10.26577/JH.2021.v102.i3.18